

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қарашадағы № 1338 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандағы 18-02/909 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 99-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2011	жылғы	14
№	1338	қарашадағы
бекітілген	қаулысымен	

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу мен мал жаю қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу мен мал жаю қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 99-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу мен мал жаю тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) орманның генетикалық резерваты – генетикалық-селекциялық тұрғыдан алғанда бағалы өсімдіктер түрі, қосымша түрі таралымдарының бір бөлігі бар орман учаскесі;

2) орман пайдалану – орман ресурстарын және орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөнінде заңдық және экономикалық тұрғыдан реттелген қызмет;

3) орман пайдаланушы – Қазақстан Республикасының Орман кодексінде белгілеген тәртіппен уақытша орман пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

4) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы – орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу мен мал жаюға жарамды алқаптарды анықтау тәртібі

3. Шөп шабу мен мал жаюға болатын мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен орман орналастыру жобаларына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілер аяқындайды.

4. Шөп шабу үшін мемлекеттік орман қорының құрамына енетін осы мақсатқа жарамды ауыл шаруашылығы жерлерінің алқаптары бөлінеді, сондай-ақ алаңқайлар және шөп шабу басталғанға дейін орманды табиғи немесе жасанды жолмен жаңарту, оларды жақсарту жөнінде басқа да іс-шаралар жүргізу көзделмейтін басқа да орман көмкермеген жерлер, сондай-ақ қайта жаңартуға арналмаған құндылығы аз екепелердің жекелеген учаскелері пайдаланылады.

5. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабуға болатын алқаптарды жыл сайын шөп шабу басталғанға дейін орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен орман орналастырудың жоспарлау-картографиялық материалдарының, сондай-ақ ормандарды түгендеу мен тексеру материалдарының негізінде орман иеленушілер нақтылайды.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін шөп шабу мен мал жаю үшін пайдалану тәртібі

6. Мал жаюға мемлекеттік орман қоры учаскелерінде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес айқындалатын алқаптарда рұқсат етіледі, бұл ретте мал жаю үшін учаскелер таңдау орман жайылымдарын маусымдық пайдалану мүмкіндіктері, жайылым айналымдарын және оларға жеткілікті жүктемені ескеріп отырып, жүзеге асырылады.

7. Жайылым айналымдары жайылымдық жерлерді неғұрлым тиімді пайдалану, олардың шығымдылығын арттыру, топырақтың эрозияға ұшырауын төмендету немесе оны болдырмау мақсатында енгізіледі.

Жайылым айналымының алқабы:

- 1) өсу кезеңінің табиғи-климаттық жағдайларын;
- 2) жайылымдардың шығымдылық деңгейі;
- 3) эрозияға ұшырау үдерістерінің ықтимал мүмкіндігі және нақты байқалуы;
- 4) жабайы өсетін шөптердің ерекше құнды тұқымдарын жинау мүмкіндігі;
- 5) «демалыс» берудің орындылығы, яғни жыл бойына мал жаюды, шөп шабуды толық болдырмау ескеріле отырып, белгіленеді.

8. Мынадай мемлекеттік орман қоры учаскелерінде:

1) «орманның генетикалық резерваттарын», «ерекше құнды орман алаптарын» қоса алғанда, «мемлекеттік өңірлік табиғи қорықтардың», «мемлекеттік орман табиғат ескерткіштерінің ормандары», «ғылыми маңызы бар орман учаскелері» мемлекеттік орман қоры санаттарында, сондай-ақ мемлекеттік ұлттық табиғи парктер мен мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің қорық режимі аймақтарында, мемлекеттік өңірлік табиғи резерваттардың қорықтық кіндігі аймақтарында;

2) рекреациялық пайдалану аймақтарындағы, әкімшілік-өндірістік мақсаттағы, келушілер мен туристерге қызмет көрсетуге арналған кіші аймақтардағы «мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің ормандары» және «мемлекеттік өңірлік табиғи парктер ормандары» мемлекеттік орман қоры санаттарында; бүлдірілген ландшафтарды қалпына келтіру аймағындағы «мемлекеттік табиғи резерваттар ормандары» мемлекеттік орман қоры санатында; тапсырыс режимі аймағындағы «мемлекеттік қорық аймақтары ормандары» мемлекеттік орман қоры санатында; «жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары», «орманның жеміс екпелері», «аса биік тау ормандары», «мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулері», «эрозияға қарсы ормандар», «өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері» мен «халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер», «халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орман белдеулері» мемлекеттік орман қоры санаттарында;

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

9. Мал жаюға рұқсат етілген учаскелер тізбесін мемлекеттік орман қоры жерлерінің жай-күйіне қатысты болып жатқан өзгерістерді, сондай-ақ орманды қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу мен орман ресурстарын дайындау жоспарларын ескере отырып, мемлекеттік орман иеленушілер жыл сайын нақтылап отырады .

10. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ешкі жаюға арнайы бөлінген қоршалған учаскелерде ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

11. Шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелері қысқа мерзімді (1 жылға дейін пайдалану мерзіміне) және ұзақ мерзімді (10 жылға дейін пайдалану мерзіміне) орман пайдалануға беріледі.

12. Орман иеленушілер Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 шілдедегі Жер кодексінің 36, 41-баптарына сәйкес шөп шабу мен мал жаюға жарамды мемлекеттік орман қоры учаскелерінен оларды алуға құқығы бар орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметкерлеріне шөп шабу үшін қызметтік жер телімдерін, мал ұстайтын осы қызметкерлерге мал жаю үшін учаскелерді, сондай-ақ биотехникалық іс-шаралар өткізу шеңберінде қатаң жемшөп дайындау үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін бөледі.

13. Шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалануға бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы № 32 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу қағидаларына сәйкес тендерлік негізде жүзеге асырылады.

Бұл тармақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қолданылмайды.

14. Шөп шабу мен мал жаюға жарамды қалған алқаптар туралы мәліметтерді (осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілгеннен басқа) орман иеленушілер тендер ұйымдастырушыларға шөп шабу мен мал жаю басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей береді .

15. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінен шөп шабатын және мал жаятын жерлердің бөлінуіне мұқтаж орман пайдаланушылар:

1) ұзақ мерзімді негізде (ұзақ мерзімді орман пайдалану) тендер өткізуді

ұйымдастырушыларға шөп шабу мен мал жаю үшін ұзақ мерзімді пайдалануға мемлекеттік орман қоры учаскелерін беру бойынша тендерге қатысуға арналған өтінім-лоттарды орман иеленушілердің дайындауы үшін тиісті өтінімдер ж і б е р е д і ;

2) қысқа мерзімді негізде (қысқа мерзімді пайдалану) шөп шабу мен мал жаю басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей орман иеленушілерге орман пайдалану үшін учаскелер беру жөнінде өтініш жазады.

16. Тендерлер өткізуді ұйымдастырушылар шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін беру жөнінде өткізілген тендерлердің нәтижелері негізінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды, оның негізінде тендерлер өткізуді ұйымдастырушылар мен орман пайдаланушылар арасында осы учаскелерді ұзақ мерзімді пайдалану туралы шарт жасалады, оларда осы учаскелерді пайдалану жөніндегі талаптармен және тараптардың өзара қарым-қатынастарының шарттарымен қатар Қазақстан Республикасының ормандарында өрт қауіпсіздігін сақтауды айқындайтын нормативтік құқықтық актіні орындау, оларға бөлінген шөп шабатын және мал жаятын жерлерді қорғау және олардың сапасын жақсарту іс-шараларын жүргізу жөніндегі соңғыларының міндеттері белгіленеді.

17. Шалғайдағы мал шаруашылығы үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін беру жөніндегі өтінім-лоттарды дайындау кезінде көршілес аудандардың, облыстардың қажеттілігін ескеру керек.

18. Орман иеленушілер өткізілген тендерлердің нәтижелері бойынша жасалған шарттарға сәйкес және орман пайдаланғаны үшін төлем жасалғанын куәландыратын құжаттардың негізінде тендерлердің жеңімпаздарына орман билеттерін жыл сайын беріп тұруды және оларға шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің табиғи түрінде берілуін қамтамасыз етеді. Орман билетінде пайдалану алаңы мен орны, төлем мөлшері, шөп шабу мен мал жаюды жүргізу мерзімі мен шарттары көрсетіледі.

19. Шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін қысқа мерзімді пайдалануға беру кезінде орман пайдаланушының өтініші және орманды пайдаланғаны үшін төлем жасалғанын куәландыратын құжаттардың негізінде орман пайдаланушыларға да орман билеті жазып беріледі.

20. Берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу мен мал жаю орман билеттерінде көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылуы тиіс.

21. Шөп шабу мен мал жаю үшін берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 39-41-баптарына сәйкес тоқтатыла тұрады, шектеледі немесе тоқтатылады.

Мемлекеттік орман қоры
 учаскелерінде шөп шабу
 және мал жаю қағидаларына
 қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі мал жаю алқаптарын анықтау

р / с №	Табиғи аймақтар	Үй жануарларының түрлері	Мал жаю алқабы, 1 басқа га
1	2	3	4
1	Жартылай шөлейт және шөлейт	Қ о й Ірі қара мал (ІҚМ) Жылқы	7 , 0 7 , 0 5,0
2	Далалы	Қ о й (І Қ М) Жылқы	1 , 5 - 3 , 0 1 , 5 - 3 , 0 1,0-2,25
3	Таулы	Қ о й (І Қ М) Жылқы	0 , 7 5 - 1 , 5 0 , 7 5 - 1 , 5 1,0